



ШЕШІМ

27.08.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 213/26-VIII

город Астана

**«Астана қаласының аумағындағы
Жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау
және қорғау қағидаларын бекіту туралы»
Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 3 қазандағы № 87/10-VIII
шешіміне өзгерістер мен толықтыру
енгізу туралы**

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының аумағындағы Жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 87/10-VIII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1362-01 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімге қосымшада:

4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Жасыл екпелерді құру, күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі шаралар.»;

26-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«26. Жасыл екпелерді құру, күтіп ұстау және қорғау өзара байланысты жұмыстардың мынадай кешендеріне бөлінеді:

1) ағаштарды, бұталарды, көпжылдық гүлдер мен бұталы қоршауды үш жылдық күтіммен (қажет болса топырақты ауыстыру арқылы) отырғызу;

2) бір жылдық гүлзарлар мен көгалдардың құрылысы;

3) ағаштарды кесу, қайта отырғызу;

4) үш жылдық күтімімен ағаштарды өтемдік отырғызу;

5) жасыл екпелерді күтіп-ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету);

б) жасыл екпелерді мониторингтеу, түгендеу.»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету) келесіні қамтиды:

- 1) ағаштардың дiңгек қуысын орнатумен және оларды қопсыту және арамшөптерден тазарту;
 - 2) ағаш дiңiн ақтау;
 - 3) бұталы қоршауды кесу, ағаштардың дiңiн көтеру, өскiндi алып тастау;
 - 4) шөп шабу, арамшөптердi жою;
 - 5) жасыл екпелердi қымтау (ағаштар, бұталар, көпжылдық гүлдер);
 - 6) бүкiл вегетациялық кезеңде жасыл екпелердi суару;
 - 7) ағаш тәжiн тәждеу;
 - 8) ағаштардың тәжiн қалыптастыру;
 - 9) қаңқа және жартылай қаңқа бөліктерiн сақтай отырып, ағаш-бұта өсiмдiктерiнiң биологиялық ерекшелiктерiне сүйене отырып жасартатын кесу;
 - 10) апатты, қураған ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу, дiңгектердi тамырымен жұлуды;
 - 11) тыңайтқыштарды қолдану;
 - 12) жасыл екпелердiң зиянкестерiмен және ауруларымен күресу;
 - 13) қуыстарды тазалау және пломбалау, аралау орындарын өңдеу.»;
- 58-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«58. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтiрiлген залалдың мөлшерiн Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрiнiң мiндетiн атқарушының 2023 жылғы 22 қыркүйектегi № 265 бұйрығымен бекiтiлген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтiрiлген залалдың мөлшерiн есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 33476 болып тiркелген) сәйкес уәкiлеттi орган есептейдi.».

2. Осы шешiм алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов